



Ембі ТЫНЫСЫ

№11 (116)
ЖЕЛТОҚСАН
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! СІЗДЕРДІ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Бұл күн – Қазақстанның еркіндігі мен қуаттылығының символы. Егеменді еліміз жан-жақты және тұрақты даму арқылы мемлекеттілігін нығайтып, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқатын арттыруда елеулі табыстарға қол жеткізді.

Уақыттың барлық сын-қатерлеріне батыл жауап бере отырып, Қазақстан бүгінде әлемдік аренада мызғымас беделге ие және өңірлік, халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешуде сындарлы рөл атқаруда.

Мұнай-газ секторының ел табысының еселенуі жолында қосар үлесі зор. Ел мерейі үстем, жетістіктері мол болуы жолындағы жұмыстарыңызға жаңа табыстар, отбасыларыңызға бақ-береке, зор денсаулық және бейбіт аспан тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



«МҰНАЙШЫ ҚЫЗ»: БЕСЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, САЛА АРДАГЕРЛЕРІ! СІЗДЕРДІ ЭНЕРГЕТИК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Экономиканың қозғаушы күші саналатын энергетика саласы мамандарының жұмысы аса маңызды. Өйткені, бүгінгі таңда әлемді жарықсыз елестету мүмкін емес. Өндірісті, кәсіпорынды жарықпен қамтамасыз етіп отырған энергетиктер қызметі өте жауапты.

Ембі кен алаңдарындағы үздіксіз жұмыс электр энергиясына тікелей қатысты екені белгілі. Соған сай, аталған жүйедегі заман талабына сай жұмыстардың уақытылы жүргізілуі сапа көрсеткіштерінің артуына әсерін тигізуде.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

→ 4-5 БЕТТЕ

«МҰНАЙШЫЛАР ӨМІРІ ТУРАЛЫ БАСҚАША ОЙЛАЙТЫН ЕДІК...»

ДЕЙДІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕДИА ТҮР ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

«Ембі өндірісіне қатысты қандай жаңашылдықтар жүзеге асырылуда? Қара алтын қоры қаншалықты? Мұнайшылар үшін қарастырылған әлеуметтік қолдау түрлеріне не жатады? Ескі кеніштер жайы не болмақ?».

Қараша айының соңғы аптасында «Ембімұнайгаз» АҚ Компанияға тиесілі өндірістік нысандар мен мұнайшылардың әлеуметтік жағдайларымен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсатында ұйымдастырған медиа тур қатысушылары осы және өзге де сауалдарға жауап алды. Екікүнлік іс-шараға республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері мен блогерлер қатысты.

→ 3



ҚазМұнайГаз бен AD Ports Group Қазақстанда кеме жөндеу мен кеме жасау кәсіпорнын ашу бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойды.

2 желтоқсанда Дубайда (БАӘ) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) және AD Ports Group Қағидаттар туралы келісім қабылдады. Тараптар Қазақстан Республикасында кеме жөндеу мен кеме жасау кәсіпорнын ашу мүмкіндіктерін қарастыратын болады.

ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев пен AD Ports Group Басқарма төрағасы Мұхаммед Жұма Әл-Шамиси Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен екіжақты құжатқа қол қойды.

Келісім өзара ынтымақтастықтың басты талаптарын айқындайды. Атап айтқанда, тараптар Қазақстанда Каспий теңізінің жағасында кеме жөндеу мен кеме жасау кәсіпорнын ашу мүмкіндігін зерттеу үшін бірлескен жұмыс тобын құрады.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАР КЕЛІСІМ



«Қол қойылған Келісім екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтуға елеулі үлес қосатынына сенімдімін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін Қазақстан аумағында кеме жасайтын зауыт ашу мәселесін қарастырып жатырмыз. ҚазМұнайГаз AD Ports Group компаниясының мол тәжірибесін кеме жөндеу бағытында да пайдалануды жоспарлап отыр», — деді ҚМГ басшысы Мағзұм Мырзағалиев.

Қазақстанның өзінде кеме жөндеу және кеме жасау кәсіпорнын болуы теңіз көліктеріне кешенді қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге, соның ішінде жаңа кеме жасап шығарып, қолданыстағы кемелерді сапалы жөндеуге жол ашады. Сонымен қатар бұл өнімнің дамуына, жаңа жұмыс орындарын ашуға және теңіз саласындағы технологиялық мүмкіндіктерді арттыруға ықпал ететін болады.

www.kmg.kz

ҚАЗМҰНАЙГАЗ БІРНЕШЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (ҚМГ, Компания) 2022 жылға арналған жылдық есебі бірнеше халықаралық беделді марапатқа ие болды:

Corporate & Financial Awards (CFA, Ұлыбритания) байқауында ҚМГ «Шетел компаниясының үздік жылдық есебі» санатында бірінші орынды иеленді.

Мәскеу биржасы (МОЕХ) ҚазМұнайГазды жылдық есепте «Стратегия және инвестициялық тартымдылықты үздік ұсыну» номинациясы бойынша «алтынмен» марапаттады, сондай-ақ ҚМГ есебін 200 млрд рубль капиталы бар компаниялар арасында негізгі номинацияда үздіктердің қысқа тізіміне енгізді;

ARC Awards (Annual Report Competition, АҚШ) халықаралық байқауында мұнай-газ компаниялары ішінен ҚазМұнайГазға «Жылдық есептің үздік pdf нұсқасы» санатындағы «Honors» айрықша белгісі табысталды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнесті жүргізудің және барлық мүдделі тараптармен, соның ішінде инвестициялық қоғамдастықпен өзара қарым-қатынастың жоғары стандарттарына ұмтылады. Жылдық есеп — Компанияның басты коммуникациялық құралы. Құжатта компания қызметінің елеулі аспектілері, есепті жылдағы жетістіктері айтылады, қызметтің стратегиялық бағыттары мен бизнестің әлеуеті белгіленеді.

«Бытыр ҚазМұнайГаз IPO-ға шығып, жария мәртебесіне ие болғаннан кейін компанияның Жылдық есебін дайындауға, оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптар күшейе түсті. Қор биржалары ашықтыққа және жаңа сын-қатерлерге бейімделе отырып, есеп беруің одан да жоғары стандарттарын енгізуде. Компания, өз кезегінде, Жылдық есепті дайындау барысында жария компаниялардың үздік халықаралық тәжірибесін пайдалануға ұмтылады, бұл сарапшылар қауымдастығы тарапынан жоғары бағаланды», — деп атап өтті ҚМГ Қаржы департаментінің директоры Марат Диканбаев.

«Саламатты Қазақстан» жобасы аясында 90 000-ға жуық тұрғынға тегін медициналық көмек көрсетілді.


Медициналық пойыз 8 айдың ішінде 17 облыстағы 121 шалғай станцияны қамтыды. Пойыз 18 мың шақырымға жуық жол жүріп, 88 994 қазақстандықтың денсаулығын жақсартуға үлес қосты. 194 593 кеңес беріліп, 11 308 шағын ота жасалды.

Айта кетейік, аталмыш жобаға «Самұрық-Қазына» Қоры 590 миллион теңге қаржы бөлген болатын.

Ақпарат үшін: Жоба алғаш рет 2010 жылы іске қосылды. Содан бері консультативтік-диагностикалық пойыз Қазақстанның 2 мыңға жуық шалғай елді мекендерін аралап, 650 мыңнан астам тұрғын мамандардың қызметін алған. 3,5 миллионнан астам диагностикалық процедуралар мен 26 мыңнан астам шағын амбулаториялық операциялар жасалды.

t.me/samrukkazynaofficial

90 000-ҒА ЖУЫҚ ТҰРҒЫНҒА – ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК



ЕСЕПТІ ЖИЫН

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы 2023 жылдың 10 айындағы көрсеткіштері еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік комитетінің отырысында кеңінен талқыланды.

маңызы зор. Соған сай, ембіліктер қаңтар-қазан аралығында 3401 карта толтырған.

Жұмысшы қауіпсіздігінің маңызды

ӘР ОҚИҒАНЫҢ АРТЫНДА АДАМ ӨМІРІ ТҰР...

Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов: «Компания және мердігер ұйымдардың әрбір қызметкерінің әрқашан жұмыстан аман-есен отбасына оралуы қажет деген ұстанымдамыз. Себебі, ешбір өндірістік жетістіктер адам өмірінің бағасына тең келмейді. Сондықтан, әрбір ембілік және мердігер ұйымның қызметкерлері «Өмірлік маңызды қағидаларды» қатаң сақтауы қажет» дей келе, оқиғалардың қайталануын алдын алу мақсатында, оның түп тамырын анықтау және бір өндірістік құрылымдық бөлімшеде болған оқиға екіншісінде қайталанбауы үшін тиісті шаралар жүргізу қажеттігін баса айтты.

Комитет отырысына басқару аппаратының қызметкерлері офлайн, ал өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жауапты мамандары онлайн режимде

қатынасты.

Ең алдымен, қазіргідей қолайсыз ауа-райы жағдайындағы қауіпсіздік мәселесі көтерілді. Соның ішінде тайғақ кезіндегі іс-әрекеттер, қорғану жолдары, қауіп-қатердің алдын алу, қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтаудың маңыздылығы баса айтылды.

Осыдан соң, Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов биылғы 10 айдағы жалпы көрсеткіштерді баяндады. Бұл мерзім аралығында өрт, жол-көлік оқиғалары тіркелмеген. Өндіріске байланысты 1 жазатайым оқиға орын алды. Бұл бағыттағы мердігер мекемелердің де деректері келтіріліп, әр оқиғаның артында адам өмірі тұрғанын, сондықтан, қауіпсіздік мәселесінің аса маңызды екенін атап өтті.

Айта кеткен жөн, өндірісте қауіпсіздік саласын оңалту, көрсеткіштерді жақсарту жолында «Қорғау» картасының

тармағының бірі – арнаулы киімнің қауіпсіз, талапқа сай, қонымды болуы. Жиын барысында бұл мәселе де көтеріліп, жауапты мердігер мекеменің басшысы қойылған сауалдарға жауап берді. Өз кезегінде қызмет көрсетуші тарап аталған тақырыптың «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арыновтың тарапынан да назарға алынып отырғанын айта келе, ембілік жұмысшылардың өтініштерін жеке тыңдау мақсатында өндірісті аралау жоспарланып отырғанын жеткізді.

Комиссия отырысын қорытындылаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының орынбасары Марат Елеусінов қауіпсіздік мәселесінің өте маңызды, әрқашан өзекті екенін атап, айтылған әр ескертпені қабылдап, соның аясындағы жұмыстарды жалғастыра беру керектігін жеткізді.

www.kmg.kz

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ДАЛАДАҒЫ ҰНҒЫМА КЕҢСЕДЕН БАСҚАРЫЛАДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметімен танысу бас кеңседегі Өндірістік процесті бақылау орталығынан басталды. Компанияның Бас директоры Сәбит Арынов пресс тур қатысушыларына жалпы жұмыс барысы туралы қысқаша айтып өтті. Аталған орталық онлайн форматта өндірістік нысандарды жедел

«МҰНАЙШЫЛАР ӨМІРІ ТУРАЛЫ БАСҚАША ОЙЛАЙТЫН ЕДІК...»

ДЕЙДІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕДИА ТУР ҚАТЫСУШЫЛАРЫ



бақылау және мониторинг жүргізу үшін құрылған. Визуализация орталығының функционалды мүмкіндіктері үздіксіз кеңейіп келеді. Өндірістік қызметті тиімді басқару және деректерді сараптама жасайтын қызметкерлер жұмысын жеңілдету мақсатында технологиялар ұдайы жетілдірілуде. Журналистер мен блогерлер ұнғымаларды цифрлық басқару жобасына қатысты сауалдарын жолдап, нақты жауап алды.

Компанияда өзінің тиімділігін дәлелдеген тағы бір цифрлық бастама – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолға алынған «Сапарларды басқару» жобасы. Көлік құралдарының бірыңғай мониторингі қызметінің арқасында жол-көлік оқиғаларының саны жыл сайын азайып келеді. Мысалы, 2023 жылдың 10 айында 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жылдамдық арттырулар оқиғасының саны 55%-ға азайып, жанар-жағармай үнемдеу 20%-ды құрады.

Бұдан соң, БАҚ өкілдері мен блогерлер ембіліктердің өндірістік қызметі мен әлеуметтік жағдайларымен танысу мақсатында Жылыой ауданына арнайы барып, өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралады.

«МҰНАЙШЫЛАР БІЗГЕ БАСПАНА ТARTY ETTI»

Айта кеткен жөн, ембілік мұнайшылар – қайырымдылық шараларына ұдайы қатысушылар қатарында. Соған сай, «Ембімұнайгазға» қарасты мұнай-газ өндіру басқармалары мен құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері қайырымдылық акцияларын тұрақты әрі жиі өткізеді.

Пресс тур барысында «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының ұжымы баспана сыйға тартқан құлсарлық жалғызбасты ананың шаңырағына арнайы бас сұқты. Нұрғұл

Ғабдулованың отағасы Компанияның мердігер мекемесінде еңбек еткен. Бірнеше жыл пәтер жалдап жүрген отбасы осыдан біраз уақыт бұрын жылойлық мұнайшылардың қолдауы нәтижесінде жайлы баспанаға қол жеткізді. Біркүндік жалақыларын ерікті түрде қайырымды іске аударған ембілік мұнайшылардың бұл секілді жұмыстары тек осы ғана емес. Аталған ұжым былтыр әлеуметтік жағынан аз қамтылған 3 отбасыға баспана сыйлады.

НАЗАРДА – ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛ

Бұдан соң, Құлсары қаласынан шыққан медиа тур қатысушылары «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңына жол тартты. «Ембімұнайгаз» АҚ ең шалғайында орналасқан кен орнының тыныс-тіршілігімен танысуды мақсат тұтқан топ өндірістік жетістіктермен қатар, мұнайшылардың әлеуметтік ахуалын да саралады.

Кен алаңына қарасты «Каспий самалы» қалашығы – «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелеріне тиесілі әлеуметтік нысандардың ең үлкені. Қалашық аумағында 500 адамға лайықталған 5 жатақхана және 2 асхана бар. Мұнайшылардың бос уақытын тиімді өткізу, салауатты өмір салтын ұстануына баса мән беретін Компания спорттық алаң, көңіл көтеретін және демалыс орындарымен, медициналық амбулаториямен де қамтамасыз еткені пресс тур қатысушыларына кеңінен таныстырылды.

ЗАМАНАУИ ЗАУЫТТЫҢ БҮГІНІ

Медиа турдың екінші күні өндіріс басында жалғасты. Прорва кен алаңдары тобының ілесіп газды кешенді дайындау қондырғысының жұмысымен танысуға мүмкіндік жасалды. Экологиялық қауіпсіз әрі күкіртсутекті жоюда жоғары тиімділікті қамтамасыз ететін

қондырғының жылдық қуаты – 150 млн. текше метр. Газды кешенді дайындау процесі толығымен автоматтандырылған және төтенше жағдайлардан бірнеше дәрежелі қорғаныспен қамтылған. Қондырғының көмегімен ілесіп газ өңделіп, күкіртсутектен ажыратылады. Таза газдың 15-20 млн. текше метрі өз қажетіне пайдаланылса, қалғаны «КазТрансГазАймақ» АҚ құбырына қосылады. Журналистерге қондырғының көмегімен 2000 тоннаға жуық

айында акционерлік қоғамда жазатайым оқиға болған жоқ, өрт немесе жол-көлік деректері тіркелмеген. Компания мен мердігер мекемелердің барлық қызметкерлері еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша «Өмірлік маңызды қағидалардың» негізгі талаптарын ұстанады.

«Ембімұнайгаз» АҚ табиғи ресурстарды адал пайдаланушы ретінде қоршаған ортаны қорғау шараларына, оның ішінде ластанған жерлердің өнімділігі



түйіршіктелген күкірт өндірілетіні де кеңінен таныстырылды. Кешен тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс жасайды, ал, газ құрамы арнайы зертханада талданады.

«СҰРАҒЫМ БАР!...»

Республикалық медиа тур қатысушылары өндірістегі жұмыс барысымен танысқан соң, арнайы ұйымдастырылған баспасөз конференциясына қатысты.

Жиын барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов пен оның өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов мұнай қорларын өндіруде қолданылатын технологиялар, геологиялық жұмыстар, қызметкерлерді оқыту, кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігі және компанияның даму жоспарлары туралы айтып, слайд арқылы кеңінен түсіндіріп өтті.

2023 жылдың 10 айында «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай өндіру жоспарын 100,6 пайызға орындады. Жазатайым оқиғалар мен оқыс оқиғалардың алдын алу бойынша мақсатты профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау статистикасы жақсарды. Ағымдағы жылдың 10

мен құндылығын қалпына келтіруге, қоршаған ортаны жақсартуға және көгалдандыруға бағытталған шараларға қомақты қаржы бөлуде. Атап айтқанда, биыл 181,69 мың тонна тарихи ластанған жерді тазарту жоспарланып, ағымдағы жылдың 10 айында оның 145,05 мың тоннасы тазартылған. Қалған аумақ жыл аяғына дейін тазартылады.

Сонымен қатар, 2022-2023 жылдар аралығында Атырау облысы әкімдігінен бөлінген 28 гектар жерге 23950 түп көшет отырғызылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ – Қазақстандағы ірі салық төлеушілердің бірі. Мәселен, 2020 жылдан бастап, биылғы 10 ай ішінде ЕМГ бюджетке 480 млрд теңге көлемінде салық төлемдерін төлеп, осы кезеңде облыстың инфрақұрылымын дамытуға 2,2 млрд. теңге жұмсады.

«Ембімұнайгаз» АҚ бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты ашық ұстанымда және өткен медиа турды аса маңызды және пайдалы оқиға деп санайды. Осынау республикалық іс-шара арқылы жұртшылық БАҚ және блогерлер көзімен аймақтағы байырғы және ірі кәсіпорынның қызметін тікелей бағалауға мүмкіндік алды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ғы «Мұнайшы қыз» клубының құрылғанына 5 жыл толды. Осыған орай, Атырауда форум ұйымдастырылып, оған «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның еншілес мекемелерінің, еліміздегі ірі мұнай компанияларының, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелеріндегі әйелдер ұйымдарының белсенді мүшелері қатысты.

Мерейтойлық шара гендерлік тепе-теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдердің, әсіресе, еліміздің мұнай-газ секторында еңбек етіп жатқан әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту тақырыбына арналды.

Форумның ашылу салтанатында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қатысушыларға алғыс білдіріп, іс-шараның мән-маңызына тоқталды.

«Бүгінгі тақырыбымыз – «Энергетика саласындағы кәсіпорындардың ESG тәжірибесі және әйелдердің белсенділігі». Экономиканың тұрақты әрі қарқынды дамуы маңызды. Бұл ретте ESG қағидаттарының ролі басым. Соңғы жылдары жаһандық деңгейде кеңінен қолданысқа еніп келеді. Тіпті экономиканың ажырамас міндетті бөлігіне айналды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқарудың жоғары сапасы. Осы тармақтар қатар жүрсе, экономика үздіксіз дамиды. Кез-келген компания атаған үш қағиданы берік ұстанауы міндетті. Бүгінде әлемде компаниялардың даму көрсеткіштерін тұрақты қаржылық табысы бойынша ғана емес, абырой-беделіне қарай бағалауға бетбұрыс бар. Сондықтан, ESG рейтингінің төмен болуы тиімсіз.

Гендерлік тепе-теңдікті сақтау, әйелдердің кәсіби өрлеуіне жағдай жасау, әлеуметтік қолдау білдіру – аса маңызды факторлар. Мәселе мемлекеттік деңгейде көтерілуде. Соған сай, «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы да осы бағыттағы шараларды белсенді қолдайды» деді Компания басшысы.

Тақырыпты жалғаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова: «Әйелдердің көшбасшылығы – бүгінгі қоғамның басты тренді. Сарапшылардың көпшілігі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту арқылы мемлекеттің дамуына тиімді әсер ететінін мойындайды. Бұл әлеуметтік кемелдену дәрежесін, гуманизмді, жаппайдамзаттық құндылықтарға адалдықты және азаматтық қоғамның дамуын айқын көрсетеді. Біздің форумның мақсаты – мұнай-газ саласында еңбек етіп жатқан қыз-келіншектердің жан-жақты дамуына серпін беру» – деп атап өтті.

Қазіргі уақытта 800-ге жуық мұнайшы қыздың басын қосып отырған клуб көптеген іс-шараларды сәтті, табысты жүзеге асырып келеді. Республикалық деңгейдегі спикерлер мұнайшы қыздардың алдында мастер кластар ұйымдастырса, ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдыруды көздеген «Мерейлі мұнайшы» байқауы да дәстүрге айналып келеді. Барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде өткен поэзиялық сайыстарды Компаниядағы нәзікжандылардың сан қырынан танылуына септігін тигізген шаралар қатарына жатқыза аламыз. Ембінің 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ембі аруы» сайысы да – мұнайшылардың көңілінен шыққан, сәтті жобалардың бірі.

Сонымен қатар, әйел адамдардың денсаулығына мән беру мақсатында кен орындарына, өндіріс басына медицина саласының мамандарын арнайы алып барып, кеңес берумен қатар, кейбір дәрігерлердің жеке қабылдауларын да ұйымдастырды.

Осы және өзге де деректер салалық секторда еңбек етіп жүрген 200-ге тарта қатысушылар алдында көрсетілген «Мұнайшы қыз» клубының 5 жыл ішінде атқарған жұмысы туралы бейнероликте кеңінен айтылды.

Бұдан соң, форумның пленарлық сес-

«МҰНАЙШЫ ҚЫЗ»:



сиясында ТШО, NCOC, АМӨЗ, «Атырау» МГКБ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ өкілдері қатысып, өз компанияларындағы әйелдер көшбасшылығы, олардың карьера сатысымен көтерілуі, жан-жақты дамуына жасалған мүмкіндіктер туралы ойларын ортаға салды. Іс-шараға қатысқан ірі компаниялардың өкілдері күнделікті қызмет барысында қыз-келіншектердің ұсыныс-пікірлері ескеріліп, олардың дер кезінде іске асуына мән беру өзекті дейді. Қатысушылар Компания басшылығы ұжымдағы әйел қызметкерлердің білімін жетілдіруге, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуге үнемі дайын болғанын жөн санайтындарын жеткізді.

Ал, форумның панельдік сессиясында танымал журналист, тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызының модераторлығымен мұнай компанияларындағы әйелдер ұйымының белсенділері заманауи әйелдердің жетістікке жету жолдары туралы пікір алмасты.



Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Стратегия және инвестициялық портфельді басқару департаментінің директоры Айша Төребаева мен «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» келісімшарт бойынша басқарушы Әйгерім Сарғожиева мекемелердегі гендерлік тепе-теңдікті сақтау туралы ойларын ортаға салды.

Форумның екінші бөлімі ханымдар энергетикалық клубының (ХЭК) атқарушы комитетінің жиналысына жалғасты.

«Мұнайшы қыз» клубының 5 жылдық мерейтойына арналған форум КР еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забированың жеке концертімен қорытындыланды.

Айта кетейік, Ләйлә Сұлтанқызы форумның қарсаңында Атырауға арнайы келіп, 50-ге тарта ембілік мұнайшы қыздар алдында мастер класс өткізді. Іс-шара «Өзін-өзі дамыту, өркениет көшінің талаптарынан табылу» тақырыбына арналып, қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.



БЕСЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Тілек. Пікір. Ой

Мадина АЙСАРИЕВА,
директор департамента корпоративного управления и устойчивого развития АО «Самрук-Энерго»:



— Я была рада участвовать в форуме, посвященном 5-летию женского клуба «Мұнайшы қыз» АО «Эмба-мұнайгаз». Это знаменательное событие для всех нас, потому как это одно из первых, если не первое женское сообщество в группе компаний — членов Ассоциации Казэнерджи, организованное для претворения в жизнь лучших инициатив в области достижения гендерного равенства и многообразия. Женщины «Мұнайшы қыз» достигли больших результатов, сегодня это сильная организация, которая поддерживает и развивает лидерство среди своих работниц, помогает женщинам решать различные жизненные ситуации, развивает корпоративную культуру в целом в компании. Форум стал ярким праздником прежде всего для прекрасной половины «Эмба-мұнайгаза», как свидетельство их поддержки руководством компании и внешних стейкхолдеров. Важность участия женщин во внедрении актуальных на глобальном уровне принципов ESG стало

главной темой Форума и вклад членов «Мұнайшы қыз» в решение экологических, социальных вопросов неоспорим. Форум собрал также представителей местной власти, руководство других крупных компаний для того, чтобы выразить открытость и готовность делиться передовым опытом в женском движении. Многие инициативы будут приняты и нашей компанией — АО «Самрук-Энерго», которую я представляла на форуме. Мы пришли к выводу, что создание таких сообществ, особенно в регионах, будет способствовать достижению социального баланса и улучшению жизни в целом. Желаю всем женщинам «Мұнайшы қыз» процветания, больших успехов и благополучия в семьях.



Айша ТӨРЕБАЕВА,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Стратегия және инвестициялық портфельді басқару департаментінің директоры:

— «Мұнайшы қыз» клубының бесжылдығымен құттықтаймын. Аталған клуб жұмысшылардың басын біріктіріп, қолдауға, еңбек пен отбасы құндылықтарын сақтай отырып, оларға мансаптық және жеке өсуге мүмкіндік беретін тамаша бастама деп ойлаймын.

Форум алаңында болып, ESG тақырыбын кеңінен талқылауға мүмкіндік алғанымға қуаныштымын.

Компаниялар жұмысын ESG рейтинг арқылы бағалау — қазіргі заман талабының бірі. Инвестиция құймас бұрын инвесторлар да осы көрсеткіштерге баса мән береді. Бұл рейтингтің жақсы болуы жолында тер төгіп жүрген еншілес компаниялар үлесін жоғары бағалаймыз. Соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Мұнайшы қыз» клубы арқылы үлгі болуда.

Аздаған статистика келтірсем. ҚазМұнайГаз компаниялар тобы бойынша әйелдердің үлесі: басшылар арасында — 18%, мамандар арасында — 39%, жұмысшы кәсіптер арасында — 12%. Корпоративтік орталық бойынша әйелдердің үлесі: басшылар арасында — 30%, мамандар арасында — 57%.

Бұл бағыттағы компанияның бастамаларына тоқталсам, 2022 жылы ЕҚЫҰ (OSCE) бағдарламасы бойынша «Энергетикалық сектордағы Орталық Азия әйелдерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» («Empowering Central Asian Women in Energy Sector») Энергияға ауысудағы әйелдердің жаһандық желісімен (GWN) бірлесіп оқыту. 2023 жыл: «TechWomen» бағдарламасы бойынша әйелдердің әлеуетін дамыту жөніндегі сессия. TechWomen 2024 тәлімгерлік және алмасу бағдарламасына қатысу өтінімі ашық. Өтінімдерді қабылдауды аяқтау мерзімі - 2024 жылғы 10 қаңтар.

Компанияның келесі қадамдары: WEP's гендерлік теңдік және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту бастамасын қолдау; ҚазМұнайГаз әйелдерінің көшбасшылығын дамыту бағдарламасы; ESG тәуекел рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарындағы гендерлік аспект.

Райхан АБДРАСИЛОВА, Қазақстандағы «КННК Интернационал» бас директорының еңбек ресурстары жөніндегі орынбасары:



— Еліміздің Еңбек кодексінде гендерлік теңдік туралы көрсетілген. Әрине компанияларда гендерлік теңдіктің болуын қолдаймыз. Алайда, мұнай-газ саласында сәл қиындау. Себебі, біздің салада жұмыс істеу қиындау әрі қауіпті. Ер адамдар ғана істейтін мамандықтардың кейбірін қазір қыз-келіншектер меңгеріп алған.

Біз әлемдік экономиканың талабына сай жұмыс істеп, осындай ортада дамуымыз керек. Жастарға қолдау көрсетіп, гендерлік теңдікті қалыптастыру бағытында жұмыстанған жөн.

Айзада АҚҚАЙСИЕВА,
«МАЗК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, KAZENERGY ХЭК төрайымы:



— «Мұнайшы қыз» клубының 5 жылдық мерейтойы өте жоғары деңгейде өтті. Шаралар ауқымды, мазмұны бай, үлгі боларлық дәрежеде ұйымдастырылған.

«Мұнайшы қыз» — KAZENERGY ханымдар энергетикалық клубының үлкен бөлігі. Бұл шара біздің де деңгейімізді өсірді. «Мұнайшы қыздың» мерейтойлық шарасы аясында көптеген мәселелер талқыланды, ортақ ойлар ортаға салынды. Бұл да — форумның мақсатына жеткенінің көрінісі.

KAZENERGY ханымдар энергетикалық клубы 2013 жылдың қыркүйегінде алғаш ашылып, жұмысын енді бастаған сәтте оның республикаға танымал болуын, ауқымды жұмыстарға ұйытқы болуын армандаған

едік. Сол ақиқатқа айналуға. Бүгін міне, форумға қатысушылардың әрқайсысы бұл бағыттағы басқа компаниялардың қандай бастама, ұйымдары бар екенінен мәлімет алды.

Форум үлкен импульс сыйлады. Энергия алмастық. Қаншама табысты әйелдер бар, солардың тәжірибесін, айтар ойларын бір алаңда талқыладық. Көптеген инсайд алдық.



Айгерим САРГУЖИЕВА,
управляющая по договорной работе компании «Карагаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», председатель женской сети:

— Делегация женского клуба КПО БВ приняла участие в форуме «Женское участие в триединстве ESG», организованном АО «Эмба-мұнайгаз».

Хочется отметить высокий уровень организации данного мероприятия, профессиональный подход к делу, очень насыщенную и интересную программу. В реалиях нашего времени повестка сессий и дискуссий была очень актуальна и интересна, на которых обсуждались вопросы о роли женщин в продвижении и реализации различных проектов, вопросы соблюдения гендерного баланса на предприятиях, о понятии статуса женщин в вопросах управления компаний.

Благодарим руководство АО «Эмба-мұнайгаз», руководителя женского клуба «Мұнайшы қыз» и всю команду за теплый прием и заботу о каждом участнике форума. Несомненно, мы уехали с массой положительных эмоций, мотивированные на дальнейшую работу, связанную с развитием нашего женского клуба.

Гүлмира ҚҰЛШАРОВА,
«Қаражанбасмұнай» АҚ кадр әкімшілігі бөлімінің бастығы:



— Компания басшылығының тапсырмасы бойынша бұл форумға арнайы келдік. Өте үлкен әсер алдық. Тәжірибе алмасу үшін тамаша мүмкіндік. Өйткені, біздің Компаниямызда бұл секілді ұйым әзірге жоқ.

Ембілік мұнайшы қыздар клубының үлкен жетістіктерімен, бес жылда атқарған жұмыстарымен таныстық. Көргеніміз бен алған әсерлерімізді әріптестерімізбен бөлісетін боламыз.

«Мұнайшы қыз» ұйымдастырған форум алаңында көтерілген әр тақырыптың маңызы екенін, қызу талқылауға негіз болғанын көрдік. Өзге ірі компаниялардың басшылары да өз ойларын ортаға салып, қызықты өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ осындай іс-шараны жоғары деңгейде өткізіп, бесжылдық белеске бүгінгідей жетістіктермен жетуімен құттықтаймыз. «Мұнайшы қыз» клубы өсіп, өрлей берсін!



Біздің Жұлдыз

«Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Мұнайшы қыз» клубының 5 жылдығына орай өткен «Энергетика саласындағы кәсіпорындардың ESG тәжірибесі және әйелдердің белсенділігі» атты форумның панельдік сессиясы табысты қыз-келіншектердің жетістікке жету жолдарына арналды. Дөңгелек үстел форматындағы пікір алмасуға ембілік қыз-келіншектердің атынан Геология және барлау департаментінің аға геологы Жұлдыз Арықбаева қатысты.

Қазақстандықтарға кеңінен танымал журналист-тележүргізуші, коуч Ләйлә Сұлтанқызының модераторлығымен өткен сессияда заманауи әйелдердің жетістікке жету жолдарына арналған ой алмасулар өзінің қызықтылығымен жұртшылыққа ұнады.

Жұлдыз Арықбаева панельдік сессияға қатысушылардың ортасынан өзінің ойын еркін әрі тұшымды тілмен жеткізуімен ерекшеленді. 200-ге тарта форумға қатысушылар алдында ембілік геолог Жұлдыз XXI ғасырда табыстың тетігі — ол білім, өз-өзіне сенімді, білімге құштар, жан-жақты дамытын әйел — табысты әйел екеніне сенетінін айтты. Жұлдыз «Мұнайшы қыз» клубының қолдауымен Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінде «Энергетика саласындағы әйелдердің көшбасшылығы» атты MBA бағдарламасында оқып жүр.

— Мен бұған дейін де геологиялық сала бойынша ұйымдастырылған конференцияларда сөйлеп жүрмін. Алайда, мына форумдағы пікірімді айтуым өзгеше болды. Конференцияларда геолог маманы ретінде, күнделікті жұмысыма қатысты ресми пікір болса, мына панельдік сессияда мен өзімнің әйелдердің көшбасшылығы, гендерлік теңдік жайлы ойларыммен бөлісе алдым. 800-ге тарта ембілік қыздардың арасынан саған сенім артып, ортаға сені шығарып жатса, оның да үлкен жауапкершілігі бар. Мен алдымен әріптестерімнің өзіме артқан сенімінен шығуға тырыстым. Маған осындай мүмкіншілік жасаған «Мұнайшы қыз» клубына алғысымды білдіремін, - дейді Жұлдыз Арықбаева.

«Мұнайшы қыз» клубының көздеген мақсаттарының бірі де осы, ембілік қыздардың жан-жақты дамуын, білімге деген құштарлықтарын, жалпы әйелдердің көшбасшылығын қолдау.

«Ембі тынысы» газетінде жиі көтерілетін айдар: «Біздің сұхбат». Бұл айдарла жауапты қызметкерлер өз саласындағы жақсы бастамалар мен оң нәтижесін көрсеткен жұмыстар туралы көпшілікпен бөліседі. Айдардың бүгінгі қонағы – «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Нұрғолаұлы Каримов.

Әнуарбек КАРИМОВ, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры:

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАУ – БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ

? Отандық мұнай өндіру компаниясының басымдық беретін бағыттарының бірі – жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі мен экология мәселесі. Осы екі мәселені үнемі назарда ұстап, әркез ашық талқыға салып отырамыз. Сұхбатымызды осы мәселеден өрбітсек.

✓ Негізгі мәселеге көшпес бұрын әңгімеде компанияда іске қосылған маңызды құжат туралы бастасам. Ағымдағы жылдың шілде айында Компания үшін маңызды нәрсе – жұмысшылардың алаңсыз еңбек етулері мен адамдардың өміріне қауіп төндірмеу мақсатында екі құжат жасакталып, іске қосылды. Олар:

1. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры Сәбит Арыновтың мұнайшыларға Үндеуі;
2. Компанияның өмірді сақтайтын қағидалары;

Екі құжатта да өндірісте қауіпсіздік мәдениетін жақсарту, оған әрбір қызметкердің саналы түрде атсалысуын реттеу мақсатында қолға алынды, бүгінде іске қосылды. Әрине, Ембі өндірісінің тыныс-тіршілігінде «қара алтын» өндіру көрсеткіші негізгі шарамыз десек те, компания үшін басым бағыттың тағы бірі – адам тағдыры. Жұмысшының аман-есен жұмысқа келіп, дін аман отбасына оралуы – ешқашан өзектілігін жоймайтын мәселе. Ембі өндірісіндегі барлық жұмыс осы басым бағытқа келіп түйінделеді. Демек, әрқайсымыз өндірістік қауіпсіздік деген сөздің астарына терең үніліп, үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек.

Себебі, **адам өмірінің бағасын ешқандай өндірістік табыспен өлшей алмаймыз.**

Компания үшін басты құндылық – жұмысшының өмірін сақтай отырып, өндіріс жоспарын орындау. Ембі кен алаңдарында өндіріс қауіпсіздігін сақтауға үлкен жауапкершілікпен қарай отырып, барлық мердігер мекемелердің мамандарының да еңбек қауіпсіздігін сақтауын талап етеміз. Сонда ғана біз көздеген мақсатымыз – өндіріс саласындағы қауіпсіз еңбек жүйесін қалыптастыра аламыз. Бұл – менің емес, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры Сәбит Арыновтың қорытынды бір жиында көпшілік алдында айтқан пікірі.

Компания басшылығының тарапынан өндірістік қауіпсіздікке деген ерекше қолдаудың нәтижесінде жұмыс дұрыс ұйымдастырылды. Дұрыс жолға қойылған шараның нәтижесі де жағымды болары даусыз. Міне, осының нәтижесінде 2023 жылда адамның өміріне қауіп төндіретін апатты жағдайдың көрсеткіші нөлге тең болды. Біз бұл көрсеткішке үлкен жұмыстың арқасында қол жеткіздік. Адам өміріне қауіп төндірген апатты



жағдай соңғы рет 2017 жылы тіркелген. Содан бері бізде мұндай келеңсіз жағдай тіркелмеді. Алдағы уақытта да біз осы көрсеткішті сақтау жолында бар күшімізді саламыз. **Бұл – барша ұжымның табысты еңбектерінің көрінісі.**

Соңғы статистикаға мән берсек, еліміз бойынша адамның өміріне қауіп төндірген жәйіттар жол оқиғасына да қатысты көрініс тауып отыр. Атырау облысы бойынша да осы бағытта келеңсіз мәліметтер тарады. Біз осыны ескеріп, Ембі өндірісінің аумағында жол оқиғаларына аса жоғары мән беріп, тың жобаларды қолға алдық. Мұнай-газ өндіру саласындағы маңызды саланың бірі – көлікпен қамту екенін назарға ала отырып, «Сапарларды басқару» жобасы іске қосылды. Нәтижеміз жақсы. Алыс жолға шыққанда әрбір көлік жүргізушісінің жылдамдықты қаншалықты сақтайтынын автоматты түрде бақылауда ұстау арқылы көрсеткішімізді жақсарттық.

Соның нәтижесінде,

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы адам өміріне қауіп төндірген қатерлі апатты жағдай, өрт қауіпсіздігінен, жол-көлік оқиғаларынан нәлдік көрсеткішке қол жеткізіп отыр.

? **Ендігі кезекте көгалдандыру тақырыбына қарай бетбұрыс жасасак...**

✓ Біздің компания жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорын ретінде мұнайлы өңірдің проблемалық мәселелерінің тиімді шешілуіне міндетті. Өздеріңізге жақсы мәлім, біздің өңірде өзекті мәселенің бірі – көгалдандыру.

Бұл әрине, ел бойынша өзекті. Алдағы 5 жыл ішінде орманды жерлерге 2 млрд, елді мекендерге 15 млн. ағаш отырғызу міндеттелінген. Осыған орай, облыс аумағында экологиялық жағдайды жақсарту үшін Атырау облыстық әкімшілік пен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында абаттандыру жұмыстарын жүргізу және «жасыл белдеу» құру туралы Меморандумға қол қойылған. Осы құжатқа орай компанияға



мен (облыстық экология департаменті, Жер ресурсы басқармасы) келісімшартқа отырып, өзіне тиесілі аумақтардағы мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау жобасы әзірленді. Осы жобаның аясында Ембі өндірісіндегі мұнаймен ластанған жер аумақтары түгелдей анықталды. Бұдан кейін тарихи ластанған жерлер биологиялық рекультивациялау әдісімен толықтай тазартылды.

Біздің компания ғасырдан астам уақыт «қара алтын» өндіріп келеді. Ембі өндірісіндегі кен алаңдары негізінен өнім берудің соңғы сатысындағы байырғы кеніштер. Өндіріс бар жерде ластаушы шығындылардың болары даусыз. Ендігі пікіріміз осы жәйіттарды қалай шешіп жатқанымызға тоқталсам.

Соңғы 7 жылдың мәліметтерімен тарқатсам. Ластаушы шығындылардың көлемі 2017 жылы 5,12 мың тоннадан 2023 жылдың 10 айында 2,56 мың тоннаға дейін төмендеген. Неге деген сауал туындауы әбден мүмкін. Себебі, Ембі өндірісіндегі газды кешенді дайындау қондырғысының іске қосылуы үлкен серпін берді. Сонымен қатар, бүгінде 7 бірлік тұнба қоймасы пайдаланылуда. Олар уақытылы қалдықтардан тазартылып отырылады. Сонымен қатар, О.Ш.Новобогат, Б.Новобогат, Б.Карасор, Қондыбай мен Байшонас сияқты кеніштердің консервацияға қойылуына байланысты, қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары айтарлықтай азайды.

? **Осы жерде туындайтын тағы бір сұрақ бар. Ол – шикі газдың ауаға жағылуына қатысты.**

✓ Біз шикі газды факельдерге жағу жөнінде тиісті уәкілетті органнан алған келісімде көрсетілген көлемді сақтап отырмыз. Алауда жағылатын шикі газдың көлемі жыл сайын азайып отырғанын атап өткен жөн. Шикі газды жағу көлемінің азаюы геологиялық барлау жұмыстарының азайып отырғанымен де байланысты. Айта кету керек, 2022 жылға дейін бұл жұмыс түрлеріне қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты мердігер мекеме алатын. Бүгінде бұл құжатты рәсімдеуді Компания өз құзырына алған. **Біз занның аясында жұмыс істеп отырмыз.** Өндіріс көрсеткіштерін орындау барысында занды талаптарды толық сақтаймыз.

- Сұхбатыңызға рахмет.



ЕҢБЕК БАҒАЛАНУЫМЕН ҚЫМБАТ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Орталық басқару аппаратында еліміздің мұнай-газ саласында ұзақ жылдар еңбек еткен бір топ ардагерге құрмет көрсетілген шара өтті. Оған еліміздің мұнай-газ саласының ардагерлері, Компания басшылығы мен Орталық басқару аппаратының ұжымы қатысты.

Жиынға «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры Анатолий Тегисбаев арнайы келіп, еліміздің мұнай-газ секторының қалыптасып, дамуына ерекше үлес қосқан атыраулық ардагерлерге жоғары марапатты салтанатты түрде табыс етті.

Бар саналы ғұмырларын сала жұмысының өркендеуіне арнаған мұнайшы ардагерлер Жұмахан Шыныбеков «Құрмет» орденімен, Алтынай Көптілеуова мен Асан Ибраимов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қарапайым еңбек адамының ұзақ жылғы табысты еңбектеріне құрмет көрсетілген жиында сөз алған ардагер мұнайшы, «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігіне қарасты Атырау облыстық филиалының директоры Максим Ізбасов



жұмысшының еңбегін бағалауды басым бағыт еткен отандық мұнай компаниясының ұжымына, басшылығына бүгінгі кездесуге ерекше ықылас білдіргендері үшін алғыс айта отырып, ембілік ардагерлердің кешегі еңбек жолдарына шолу жасады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов

аға буынның Ембі өндірісінде қалған сүбелі үлестеріне шынайы ниетін білдіріп, талай белестерді артқа қалдырған ардагерлердің мол тәжірибесі жас мамандар үшін баға жетпес құндылық екенін жоғары бағалады.

Компанияның кен алаңдарында ұзақ жыл еңбек еткен, майталман мұнайшылар

Мәлік Көптілеуовті сенгірлі 80 жасқа, «Ембімұнайгаз» АҚ «Ардагерлер кеңесінің» төрағасы Бағыт Сматуллинді 75 жасқа толуларымен құттықтап, ембіліктер атынан естелік сыйлықтар табыс етті.



АРДАГЕР МҰНАЙШЫ – «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ



Ардагер-мұнайшы Төлеген Байзақов еліміздің мұнай-газ саласының және Ембі өндірісінің дамуына қосқан ұзақ жылғы еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды.

Еңбек жолын мұнайлы өңір – Байшонас кенішіндегі Карсақ участогінің мұнай кеніші жабдыктарын жөндеуші маманның көмекшісі болып бастаған Төлеген Байзақұлы кейін түрлі лауазымда қызмет ете жүріп, Прорва тобы кен орындарын игеруге, Теңіз кен орнының ашылуына, игерілуіне үлес қосты. Кәсіби маман ретінде өзін талай рет табысты еңбегімен көрсете білді.

Мұнай саласында еңбек еткен 45 жылға тарта уақытта ол өзін шебер маман, талапшыл басшы ретінде дәлелдеді. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бұрғылау жөніндегі вице-президенті қызметінде жүріп, бұрғылау кәсіпорындарының өндірістік потенциалын, ең бастысы, Теңіз кен орындарының геологиялық жағдайында терең ұңғымалар құрылысын салу мектебінен өткен бұрғышылардың алтын қорын сақтау үшін

көп күш жұмсады.

Төлеген Байзақов еліміздің мұнай-газ саласындағы ұзақ жылғы үздіксіз табысты еңбегі үшін сан мәрте биік марапаттарға ие болды. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» және Атырау облысы «Мақат ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленді.

Ембілік ардагер зейнеткерлік демалысқа шықса да, қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылып жүр. Біздің ардагеріміз Балықшы барлау бұрғылау басқармасы ардагерлері кеңесінің төрағасы, ҚР Энергетика министрлігі қоғамдық кеңесінің мүшесі, сондай-ақ аймақтағы мұнай саласының дамуы мен мұнайшыларға арналған бірқатар кітаптардың авторы ретінде белсенді қызметін тоқтатқан емес. Қазіргі уақытта бұрғылау саласындағы ең күрделі мәселенің бірі – бағанаралық қысым проблемасымен шұғылданып жүр.

Жақында мұнайшы ардагеріміз тағы да жоғары марапатқа ие болды.

Мерейлі мейрам – Республика күніне орай Төлеген Байзақұлы «Құрмет» орденінің иегері атанды.

БАЛАЛАР – ӨНДІРІСТЕ

«Ата-анамның жұмысындағы бір күн»



Біз үшін ата-анамыздың қайда еңбек ететіні, жұмыста немен айналысатыны қызық. Күзгі каникулды қызықты әрі тиімді өткізуді жоспарлаған «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау» басқармасы осында қызмет ететін жұмысшылардың балаларын арнайы қонақ ретінде шақырды.

Інім Алдияр екеуіміз әкеміздің жұмыс орнына қуана-қуана бардық. Әкем Мәди Жамалов аталған мекемеде жүк қармалаушы, ағам Есенжан Жамалов жүргізуші болып қызмет етеді.

Бізді мекеме алдынан Аманжан Айдарбаев күтіп алды. Алдымен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өткізіп, каскалар мен арнайы көздіріктер берді. Білесіз бе, өзімді құдды бір қызметкер ретінде сезіндім?! Аманжан ағай өндірістік мекеме ішін аралатып, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен, инженерлер қондырғылар, нысандар туралы түсінікті қылып әңгімеледі, жұмыс процестерін көрсетті.

Жүктерді қабылдау, түсіру, қоймалау, сақтау, өндіріске жіберу, базаларға түскен тауарлық-материалдыққұндылықтарды қабылдау келісімшартына мониторинг жүргізу жұмыстарымен айналысатын басқарма еліміздегі мұнайдың өндірілуіне бірден бір септігін тигізеді екен.

Айта кетейін, ӨТҚЖЖК басқармасында қызметкердің отбасы мүшелерін, оның ішінде ба-

лаларын медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әлеуметтік көмек түрлері, оның ішінде бала өмірге келген кезде материалдық көмек, балабақшаларға баратын мектеп жасына дейінгі балалары бар жұмыскерлерге ай сайынғы ішінара өтемақы, мектепке дайындық кезеңінде мектеп жасындағы балалары бар жұмыскерлерге біржолғы төлем көрсетіледі.

Қызметкердің балаларына арналған сурет байқаулары, отбасылық байқаулар, спорттық сайыстар да өткізіліп отырады. Дипломдармен, Алғыс хаттармен, сондай-ақ түрлі сыйлықтармен марапаттайды. Наурыз мерекесі, Балаларды қорғау күні мерекесінде мекеме алаңында інім екеуіміз ән шырқауға баратынбыз. Әкемнің жұмыс орнынан берілген жолдамамен ағам екеуіміз бірнеше рет лагерьге барып та демалдық. «Ата-анамның жұмысындағы бір күн» тақырыбындағы экскурсия ұйымдастырған басқарманың басшы аға-апаларына ризашылығымды білдіргім келеді.

Экскурсия аяқталғанмен, менің ойымда басқармаға деген қызығушылық қалды. Өзіме алған қажетті жаңа білім мен жағымды әсер мені мақала жазуға түрткі қылды. Әкемнің жұмыс орнын көргеніме өте қуаныштымын. Жұмыс орнына келу арқылы әкемнің жауапкершілігі үлкен екенін түсіндім. Түйгенім – әр адам мамандығын сүйе білгенде ғана үлкен жетістіктерге жете алады. Мен де әкем сияқты мұнай саласының қызметкері болғым келеді.

Ерасыл ЖӘНІБЕК,
№30 мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы,
Атырау қаласы



БӘРЕКЕЛДІ!

Атырау мұнай өңдеу зауытының корпоративті басылымы – «Новатор» газетінің 75 жылдығына орай шағын футболдан турнир өтті. «Жайық» спорт кешенінде өткен жарысқа Атырау облысындағы мұнай-газ компаниялары қатысып, барлығы 8 команда бақ сынады.

Ембіліктер – турнир жеңімпазы



Талай тартысты додаларда бақ сынап жүрген ембіліктер де қатысушылар қатарынан табылды. «Ембімұнайгаз» АҚ футбол командасының тобында «Каспийнефть», «Атырау мұнай өңдеу зауыты» және «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының командалары ойын алаңында кездесті. Топтық ойындарда ЕМГ АМӨЗ командасын 3:2, «Каспийнефть» командасын 3:0 есебімен және «Қайнармұнайгаз» командасымен тең ойын көрсетіп, жартылай финалға жолдама алғандар қатарынан табылды.

Жартылай финалда КРІ командасын 5:1 есебімен ұтып, финалда ойын көрсетуге мүмкіндік алды.

Ал, финалдық ойында «ҚазТрансОйл» құрама командасынан 4:0 есебімен басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды. Тартысты өткен ойын қорытындысында жеңімпаз атанған әріптестерімізге жарысты ұйымдастыру алқасының төрағасы Серік Арыстан кубок, диплом және ақшалай сыйақы табыс етті.

Турнир қорытындысы бойынша ембілік ойыншы Жалғас Шуақбаев «Үздік қорғаушы» атанса, үздік ойыншы болып әріптесіміз Әжмұхан Жұмахмет танылды.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» футбол командасы Атырау облысының біріншілігіне дайындалуда.



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

М.Елеусінов – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.